

Е.Е. Түйте, Р. Салтанмұрат

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан
(E-mail: eldos_t_e@mail.ru)*

Жасанды тілдер

Тілді үйрену әрдайым өзекті. Тіл коммуникацияның басты құралы болғандықтан, мәселені жан-жақты шешу табиғи тілдерді қолданумен ғана шектелмейді, жасанды тілдер арқылы да тілдік қарым-қатынас орнайды, себебі ол түрлі мақсатты көздейді. Мақалада жасанды тілдердің мәселелері, олардың пайда болуының себептері, табиғи тілдерден айырмашылығы, ғылымда белгілі түрлері, жіктелуі, коммуникативтік мәні, кейбір кино үшін жасалған тілдердің ерекшеліктері қарастырылды. Нақты тілдік фактілерге негізделген фонетикалық, лексикалық және грамматикалық ерекшеліктері, сондай-ақ олардың табиғи тілдермен байланысы талданды. Жасанды тілдер табиғи тілдердің құрымдық жүйесі негізінде зерттеледі, сондықтан тілдік қарым-қатынасты жүзеге асыруда айтарлықтай ерекшеленбейді, олар тек грамматиканы жеңілдетеді, тілдің жаңалығы мен шексіз мүмкіндіктерін көрсетеді.

Кілт сөздер: жасанды тілдер, табиғи тілдер, коммуникация, фонетика, лексика, грамматика, интралингвистика, экстралингвистика, волапюк, эсперанто, идо, новиаль, лингва франка нова, словио, универсаллот, оксиденталь, клингон, эльфий тілі.

Тіл табиғатын түсіну өте қиын, оның шығуы мен пайда болуына қатысты пікірлер сан алуан. Тілдің бізге дейінгі замандарда алғашқы болмысымызда біздің еркімізден тыс пайда болғандығын білеміз. Олай делініміз, алғашқы тіл бейсаналықтан пайда болды. Уақыт өте келе адамдардың шексіз шығармашылық қабілетінің нәтижесінде қарым-қатынас жасаудың басты құралына айналды. Тілді біз еркін қолданамыз, бүгінгі біз табиғи тілдер деп жүргеніміздің өзі шартты, ол алғашқы «жасанды тілдердің» дамыған, ұзақ уақыт бойы қалыптасқан түрі ғана. Алғашқы кезеңдерде адамдар дыбыс шығарудың негізінде тілдерді (мәні бар дыбыс, кейін сөз, грамматика) ойлап тапты. Әлемде шамамен 7000-ға жуық тіл бар деп есептесек, бұдан бөлек адамдар тілдік қарым-қатынасты жеңілдету мақсатында табиғи емес тілдерді де ойлап тапқан. Мұндай тілдерді жасанды тілдер деп атаймыз. Олар қоғамда қандай да бір мақсатты іс-әрекетті немесе арнайы қажеттілікті өтеу үшін жұмсалады (қарым-қатынасты жеңілдету, арнайы кино саласында, лингвистикалық тәжірибе жасау т.с.с.). Олардың жалпы саны мыңға жуықтайды. Жасанды тілдердің көпшілігінің, әсіресе, Еуропа елдерінде пайда болуы біріншіден, XV-XVII ғасырлардағы латын тілі мәртебесінің төмендеуімен байланысты. Себебі Еуропа елдерінің басым көпшілігін біріктіріп тұрған да осы тіл болатын. Қайта өрлеу дәуірінде ұлттық мемлекеттердің пайда болуы мен ұлттық тілдердің нығаюы латын тілі қолданысының әлсіреуіне әкеп соқтырды. Екіншіден, әлем тілдерінің грамматикасын бірегейлендіру еді [1]. Бұл мақсатта «универсалды грамматика» жасау тұрды.

Жасанды тілдердің табиғи тілдерден негізгі айырмашылықтары мынада:

– біріншіден, табиғи және жасанды тілдер бір-біріне қарама-қарсы болып табылады. Табиғи тілдер табиғи түрде ұжымдық қатынастың пайда болуымен бірге жасасып келе жатқан қарым-қатынас құралы болып саналса, ал жасанды тілдер — бертін келе пайда болған, қолдан қарым-қатынас жасау құралы. Яғни, жасанды тілдер табиғи тілдер сияқты адамзат қоғамымен бірге туып қалыптаспады, олар бертінгі дәуірлерде пайда болды, уақыт арасында айырмашылық бар;

– екіншіден, грамматикалық құрылысында ерекшеліктер бар. Табиғи тілдерде сөздердің тіркесі мен байланысы, сөйлемдердің түзілуінде грамматиканың барлық ережелері қатаң сақталса, жасанды тілдерде бұл шарт емес. Олар оңайлатылған нұсқада келіп, солай сөйлеу дағдысына айналып, қалыптасып кетеді;

– үшіншіден, табиғи тілде бүкіл ұлттық тарихы мен мәдениеті сақталады, яғни кез келген ұлттық тілдің сөз байлығы осының есебінен жасалады, жасанды тілдерде бірнеше тілдің есебінен немесе мүлдем қолданыста жоқ адамдар өздері ойлап тапқан лексика есебінен жасалады;

– төртіншіден, табиғи тілдің авторы — ұлт немесе халық, яғни белгілі бір ұжым, ал жасанды тілдің авторы бір ғана адам болуы мүмкін. Мысалы, қазақ тілін қазақ ұжымы (түркі) жасаса, ал жасанды тіл болып табылатын «идо» тілін Луи де Бофрон жасаған;

- бесіншіден, табиғи тіл мен жасанды тілдер көлемі жағынан ерекшеленеді;
- алтыншыдан, жасанды тілдер халық қолданысына тән болса, табиғи тілдер ұлтқа тән.

Табиғи тілдер қарым-қатынасты кең көлемде жүзеге асырады. Тілдік заңдылықтар барынша сақталады. Тілдің жүйелік және құрылымдық сипаты интралингвистикалық және экстралингвистикалық заңдар бойынша өзгеріп отырады. Ал жасанды тілдерде лексика, грамматикалық ережелер белгілі бір шағын ұжымның келісімі бойынша өзгертіліп ықшамдалады. Мұнда тілдің даму заңдылығы ескерілмейді, басты міндеті қарым-қатынасты оңай түрде жүзеге асыру көзделген.

Жасанды тілдерді екі үлкен топқа бөлуге болады. Бірінші топқа табиғи тілдердің негізінде (бірнеше тілдердің араласуы) пайда болған жасанды тілдер жатса, екінші топқа қолданбалы мақсатта арнайы міндеттерді шешу үшін қолданылатын жасанды тілдер жатады.

Жасанды тілдердің жіктелуі төмендегідей болып келеді:

Бағдарламалау тілі мен компьютерлік тіл — электронды есептеуіш машиналардың көмегімен ақпараттарды өңдеуге арналған тілдер.

Ақпараттық тілдер — әртүрлі ақпараттық өңдеу жүйелерінде қолданылатын тілдер.

Формализацияланған ғылым тілдері — математика, логика, химия және басқа ғылымдардың деректері мен теорияларын символикалық белгілеу тілдері.

Көркем әдебиет, кино немесе ойын-сауық мақсатында жасалған жоқ тілдер. Ең танымалы: Дж. Толкин ойлап тапқан эльфий тіл немесе «Star Trek» фантастикалық сериясындағы клингон тілі т.б.

Халықаралық көмекші тілдер — табиғи тілдер элементтерінен құрылған және ұлтаралық қарым-қатынасты жеңілдету негізінде ұсынылатын тілдер [2].

Жасанды тілдердің ғылымда белең алған бірнеше түрі бар. Олар: волапюк, эсперанто, идо, новиаль, лингва франка нова, словио, универсаллот, оксиденталь т.б.

XIX ғасырдың соңында неміс католик священнигі Иоганн Мартин Шлейер волапюк тілін ойлап тапты. Волапюк сөзі «әлемдік тіл» дегенді білдіреді. 1881 жылы И.М. Шлейер өзінің алғашқы «Volarukabled» («Листок всемирного языка». «Әлем тілінің парақшасы») деп аталатын оқулығын жазып, осы тілдің негізін салды. Бұл тілде арнайы Вена университетінде курстар ашылды, Париж қаласындағы қаржы колледжінде міндетті пән ретіндегі бағдарлама әзірленді, сонымен қатар баяндамалар дайындалды, дипломатиялық келіссөздер жүргізілді. Санаға қонымды грамматикасына қарамастан, тілдің кемшіліктеріне байланысты волапюк тілі бәсекеге қабілетті бола алмады [3].

Жасанды тілдердің ішінде ең көп тарағаны, адамдар көп қолданатыны — эсперанто. Бұл термин «кімде-кім үміттенетін болса» деген аударманы береді. Бұл тілді 1887 жылы варшавалық окулист-дәрігер Л.М. Заменгоф ойлап тапқан. Оған он жылдай уақыт жұмсады. Оның әмбебап тіл жасаудағы негізгі мақсаты кез келген жер шарындағы адамдардың бір-бірімен оңай қарым-қатынас жасауын көздеді. Ең алдымен эсперантоға «бір дыбыс — бір әріп» қағидаты тән. Қалай жазылатын болса солай оңай оқылады. Себебі ағылшын, француз басқа да көптеген еуропа тілдерінде мұндай қағидат сақталмайды, жазылуы мен оқылуы бірдей емес. Мәселен, француз тілінде beaucoup — боку (беаукоуп емес), ағылшын тілінде action — экшн (актион емес) болып оқылады. Эсперанто тілінің сөздік қорын латын және грек тілінің сөздері құрайды. Әліпбиі латындікі, 16 негізгі грамматикалық ережесі бар, аз уақыт ішінде тез меңгеріп алуға болады. Сөздерін латыннан бастау алатын елдер оңай түсінеді. Мысалы орыс тілінен мынандай сөздер алынған: перге — сөзсіз, цел — мақсат, дом — үй, крут — керемет, три — үш, паст — бағу, глэд — жазу т.б. Француз тілінен: buso (bouche) — ауыз, матено (matin) — таң, мем (memo) — өзім, тре (tres) — өте, тута (toute, итал. tutto) — барлық т.б. Италиян тілінен: аудиау (addio) — сау бол, артиколо (articolo) — мақала, cielo (cielo) — аспан, popolo — халық, промеси (promesso) — уәде беру т.б. латын тілінен: фенестро (fenestra) — терезе, homo (homo) — адам, аруд — шамамен, суб — асты т.б.

Бұл тілді пайдаланушылар ЮНЕСКО-ның қолдауымен Халықаралық Эсперанто ұйымын құрды. Басты мақсаттары эсперантоны халықаралық ортақ тіл ету. Ұйымның мәліметінше, бұл тілде жыл сайын 200-ден астам кітап, 300-ге тарта мерзімді басылымдар жарық көреді екен [3]. Эсперанто тілін шамамен 2 миллиондай адам қолданады, 2000-ға жуық адам туғаннан бастап сөйлейді, яғни ана тілі ретінде қабылдайды. Қазіргі бұл тіл алдыңғы пайда болған уақыттан әлдеқайда дамыған. Себебі тілді қолданушы адамдар болса, мұндай тіл уақыт өткен сайын қоғам дамуымен бірге дамып жетіліп отырады. Бұл тілді пайдаланушылар Еуропада, Оңтүстік Америкада, Шығыс Азия мен кейбір Солтүстік Африка өңірлерінде тұрады. Әлемнің 23 мемлекетінің 63 жоғары оқу орындарында

эсперанто тілінде сабақ жүргізіледі. Нью-Йорк қаласындағы кейбір мектеп бағдарламаларына да енген.

Келесі жасанды тілдердің түрі — идо тілі. Идо эсперанто тілінде «бала, ұрпақ» деген мағынаны білдіреді. Бұл эсперанто тілінің жалғасы іспетті, соның ары қарай жетілген түрі болып есептелінеді. Идо тілін 1907 жылы эсперантошы Луи де Бофрон мен математик Луи Кутюр жасаған. Осы тілде 500 мың адамдай сөйлегендігі анықталды. Әліпбиінде 26 әріп бар, орфографиясы мен грамматикасы айтарлықтай жеңілдетілген. Лексикасы француз, неміс, ағылшын, итальян, испан, орыс сөздерінен құралған. Үйренуге аса қиындық келтірмейді [4].

Идоның эсперантодан негізгі ерекшелігі мынада: екпінді әріптердің болмауы; зат есімнің көпше түрінің і-ға аяқталуы; табыс септіктің болмауы; етістіктің белгісіз түрінің -ig, -ag, -og тұлғада келуі; есімдіктердің латын тіліне ауыстырылуы; көп сөздерді халықаралық етіп өзгерту; жаңа жұрнақтардың болуы.

Әуел баста идо мен эсперанто тілдері арасында бәсекелестік артты. Бұл тілде әлемнің 12 журналы шыға бастады. Бірақ ұзаққа бармады. Эсперантошылардың басым көпшілігі (90 пайызы) идоны қолдамағандықтан, кейбір идошылардың арасында ауызбіршілік болмағандықтан олар өздерінің басқа тіл жасау туралы жобаларын ұсына бастады, мәселен, «эсперантидо», «новиал», «кидиом-неутрал», «интерлингва» т.б. Бірақ бұл тілдердің барлығы жүзеге аспай, қағаз түрінде қалды. Сонымен идо көмекші қарым-қатынас тілі ретінде XX ғасырдың ортасында жойылды.

Эсперантидо — эсперанто мен идо негізіндегі халықаралық жасанды тілдің жобасы. Оны Рене де Соссюр ұсынды. Бұл тілдің 1919 жылы және 1920 жылы шыққан екі түрі болды. Бұл екі нұсқаның да эсперантодан сәл ғана айырмашылықтары бар. Эсперанто тілін білген адамға эсперантидоның мәтіндерін түсіну қиынға соқпады. 1919 жылы шыққан нұсқаның эсперантодан айырмашылығы диакритиканың өзгерісінде (ĝ дегеннің орнына ĝ т.б.) және табыс септіктің болмауы болса, 1920 жылғы нұсқасында диакритикалық белгілер мүлде алынып тасталды және лексикасында бірнеше сөз өзгерді.

Халықаралық жасанды тілдердің тағы бір түрі — оксиденталь. Бұл тілді эстон ғалымы Эдгар де Ваал ұсынған. Идо тілінің негізінде пайда болған. 1928 жылы оксидентальдықтардың халықаралық Одағы мен Академиясы құрылды. Оксиденталь батыс еуропалық тілдерге ортақ халықаралық сөздерден тұрады. Сөздік қорын еуропа тілдері, оның ішінде бастысы роман (көбіне француз) тілдерінің сөздері құрайды. Сөздердің жасалуында табиғи тілдердегіден өзгешелігі жоқ. Көп қолданушылары интерлингваны пайдаланады. Қазіргі уақытта бұл тілді қолданушылар Швейцария, Чехия, Словакия және бірқатар елдерде бар. Бұл тілде «Cosmoglott» (1922–1926 жж.), «Cosmoglotta» (1927–1985 жж.) журналдары шығып тұрды, бірақ әдеби шығармаларда бұл тіл аса қолданылмады.

Новиал тілі 1928 жылы идо тілінің негізінде жасалған, бірақ кейін одан мүлдем ажыраған. Авторы — дат лингвисті Отто Йеспersen. Ол қайтыс болғаннан кейін мүлдем қолданылмады. Тек 1990 жылдары ғаламтордың дамуымен бұл тілге деген қызығушылық қайта туды. Бұл тілдегі сөйлемдердің құрылысы — синтаксисі ағылшын тілінікіне өте ұқсас. Сонымен қатар лексикасына француз, неміс, скандинав тілдерінің ықпалы да жоқ емес.

Лингва франка нова тілін ортағасырдағы «лингва франка» сөйленісінің негізінде психолог Джордж Буре қалыптастырған. Бұл тілдің әліпбиінде 22 әріп бар, грамматикасы жеңілдетілген, грамматикалық род, сан категориясы жоқ, сөздік қоры қазіргі роман тілінікі. Француз, португал, итальян, испан тілінде сөйлейтін адамдар үшін бұл тіл өте оңай. Бүгінгі уақытта әлеуметтік желіде бұл тілді мыңдаған адам қолданады.

Словио тілі — эсперанто мен славян тілдерін араластырып қолдану негізінде жасалған тіл. Мұны 1999 жылы словак Марк Гучко жасап, оны 2010 жылы аяқтаған. Бұл тілді жасаудағы негізгі мақсат славян тілдерін меңгере алмай жүрген шетелдіктермен оңай қарым-қатынас жасау үшін ойластырылған. Словио тілінің грамматикасы, орфографиясы мен орфоэпиясы жеңілдетілген. Етістік, сын есім, үстеу сияқты көпшілік сөздер қосымшалар арқылы ажыратылады. Қазір әлемде бұл тілді 400 миллионға жуық адам түсінеді екен.

Универсаллот тілін 1868 жылы француз лингвисті Жан Пирро қолданысқа енгізген. Ғаламтор, әлеуметтік желі пайда болмағанша бұл тіл әйгілі бола қоймады. Универсаллот тілі латын тілінің негізінде жасалған, яғни әліпбиі латындікі. Сөздік қоры өте бай. Әріптері ағылшын, итальян, испан тілдеріндегідей дыбысталады. Грамматикалық құрылымы роман және герман тілдерінен алына отырып, жүйелі түрде жасалған [4].

Қазақ ортасында жасанды тілдер бар ма? Қазақ тілінде құпия сөйлесу үшін сөз арасына дыбыстарды қосып сөйлеу бар. Мәселен, «ф» мен «пи» элементтерін қосу. *Мэфен бұфігүфін ефертефе. Пимен пибүпигін пиерпите пиойпианпидым офояфандыфым (Мен бүгін ерте ояндым).* Мұны жасанды тілге жатқызуға бола ма? — деген сұрақ та туындайды. Әрине, мұны жасанды тіл деп айта алмаймыз. Бұл құпия сөйлесудің бір түрі ғана.

Күнделікті қарым-қатынаста қолданатын жасанды тілдерден бөлек, арнайы мақсатта кино немесе шығарма үшін қолданатын түрлері де бар. Картинаның әсерлі болуы үшін, өзге жат тұрғындар немесе ғаламшарлықтар бейнесін сәтті беру үшін жасанды тілдерді ойлап тауып, фильмде немесе кітапта қолданады. Кейбір жасанды кино тілдеріне тоқталсақ.

Наави тілі — ойдан шығарылған Пандора планетасы халқының тілі. Оңтүстік Калифорния университетінің профессоры, лингвист Пол Фроммер 2005 жылы James Cameron's production-ның тапсырмасы бойынша «Аватар» фильмін түсіруге байланысты ойлап тапқан. Бұл тіл 2009 жылы аяқталды. Негізгі лексикасында мыңға жуық сөз бар: *kaltxi* — сәлем, *nga* — сен, *ngar* — металл, *atxke* — территория, *eskxe* — жартаc т.б.

Наави — жалғамалы тіл, филиппин тілінің үлгісі бойынша жасалған, етістік формалардың инфиксациясы кеңінен қолданылады («аулау» — *taron*, «аулады» — *tolaron*, «ol» инфиксі сөз арасына кіре-жарып, мағынаға әсер етіп тұр). 7 дауысты, 4 дифтонг дыбыс бар. Құрамында бір дауысты ғана бар бірнеше дауыссыздар қатар келіп, бір буынды құрай береді (*skxawng* — ақымақ). Сөйлемнің соңында етістік созылыңқы келеді. Сөйлемдері еркін үлгіде құрылады. Бұл тілде род категориясы жоқ, ерлер мен әйелдердің сөйлеу ерекшелігі тек қосымшалар арқылы ғана ажыратылады. Мәселен, ерлер *-an*, әйелдер *-é* (екпінді) қосымшалары арқылы [5].

Клингтон тілі — «Жұлдызды жол» сериалының кейіпкерлері үшін ойластырылған тіл. Авторы — лингвист Марк Окранд. Шынайы өмірде жасанды тілдерді әдетте тілдік қарым-қатынасты жеңілдету мақсатында ойлап тапса, клингтон тілі фонетикалық-грамматикалық ерекшелігімен күрделі болып табылады. Бұл тіл фильмде жауынгерлердің тілі болғандықтан, көбіне лексикасы эмоционалды, ұрысу мәнінде жұмсалады. Клингтон тілінің грамматикасы, бай сөздік қоры бар (шамамен 2500-нан астам), кейбір сөздері үндістер мен санскрит тілінен алынған. Америкада классикалық әдебиет пен Библияны клингтонға аударумен айналысатын клингтон тілі Институты бар. Соңғы мәліметтерге сүйенсек, әлемде жүзге жуық адам осы тілде еркін түсінсе алады. Негізін салғандар әліпбиін жасағанда тибет жазуын басшылыққа алған. 21 дауыссыз, 5 дауысты дыбыс бар. Орфографиясы мен орфоэпиясы айтарлықтай қиындық тудырады. Клингтон тілінде бір әріп бірнеше символдармен жазылады да, адамдар оқығанда екі немесе үш түрлі дыбыс сияқты шатастырып оқиды. Мәселен, үлкен Q қазақ тіліндегі kx (жылдам әрі дөрекі) сияқты дыбысталса, кішкентай q тіліміздегі k (тамақпен) сияқты дыбысталады. Сондықтан оған көп машықтану керек. Бас әріп сөздің басында ғана емес, кез келген жерінде келе береді: *woQ* — күш, *Qagh* — қателік т.б. Грамматикасы да оңай емес. Сөзге жалғанған бір дыбыстың өзі сөз мағынасын айтарлықтай өзгертеді: *sus* — жел, *susa* — қатты жел; *Qagh* — қателік, *Qagha* — үлкен қателік т.б.

Клингтон халқы ойдан құрастырылған өзге ғаламшарлықтар болғандықтан олардың маңдайлары әжім болып келеді. Егер де сіз «*Nab SoSlt QusH!*» — аудармасы: «Сіздің анаңыздың маңдайы жазық (әжімсіз)» деген болсаңыз, оларды ренжітіп, ашуына тиесіз. Бұл тілде ренжітудің, ашуландырудың осындай қалыптасқан тұрақты тіркесі де бар [6].

Эльфий тілі — «Властелин колец» шығармасындағы гномдардың құпия тілі. Ол жайында түсірілген фильмді білеміз. Авторы — ағылшын жазушысы, Оксфорд университетінің профессоры Дж.Р.Толкин. Эльфий тілінің негізін Дж.Р.Толкин валлилық, исландиялық және скандинавиялық тілдерден алды. «Эльфий тілдер тобына кіретін Толкиннің құрастырған тілдері жүзге жуық. Олардың ішінде ең танымалдары — квенья мен синдарин. Ғалым құрастырған әрбір тілінің грамматикасын мұқият құрылымдаған, басты ерекшелігі — тарихы: уақыт өте өзгеріске ұшыраған Толкин тілдері ғана. Алғашқы эльфий тілдер тобына ортақ көптік жалғауы синдарин тілінің әсеріне жойылып, оның орнына сөздердегі дауысты дыбыстардың ауысуы келді. Мысалы: «*brannon*» — «мырза» ~ «*brennun*» — «мырзалар», «*ugug*» — «орк» ~ «*ugug*» — «орктер». Мысалы: алғашқыда «*t*» әрпі арқылы көптік жалғауын жалғасақ, «*fōt*» сөзінің «*fōti*» болатынын білеміз, ол ағылшын тілінен «аяқ» деп аударылады. Ал бұл сөз ежелгі герман тілінен еніп, Толкиннің еңбегіне сәйкес, көптіп мәнге дауысты дыбыстарды өзгерту арқылы ие болады: «*foot*» — «аяқ» — «*feet*» — «аяқтар»; «*man*» — «ер» — «*men*» — «ерлер». Бұл қызық көрінгенімен, ағылшын тіліндегі кей сөздерді көптеуде қате формалар (неправильные формы) осының әсерінен пайда болды деуге толық негіз бар» [7].

Қорыта келгенде, жасанды тілдердің халықаралық сипатта белең алып дамыған тұсы — XIX–XX ғасыр. Жасанды тілдерді құрастыру адамдар арасындағы тілдік қарым-қатынасты жеңілдету, арнайы шығарма, кино саласында жаңашылдықты көрсету мәселелеріне бағытталады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Жалмаханов Ш.Ш. Тіл білімінің тарихы / Ш.Ш. Жалмаханов. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 1999. — 203 б.
- 2 Левенец У.В. Язык искусственный [Электронный ресурс] / У.В. Левенец, Б.В. Бирюков // Центр гуманитарных технологий. — 2019. Режим доступа: <https://gtmarket.ru/concepts/7210>.
- 3 Колесник А. Искусственные языки. Что мы о них знаем? [Электронный ресурс] / А.Колесник // Школа жизни.ру, 2019. — Режим доступа: <http://shkolazhizni.ru/culture/articles>
- 4 10 международных искусственных языков и зачем они нужны людям [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://elenaruvel.com/iskusstvennye-yazyki/>
- 5 Avatar Wiki. — Режим доступа: <https://james-camerons-avatar.fandom.com/ru/wiki>
- 6 Клингонский — самый фантастический искусственный язык [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://linguis.net/klingon-language/>
- 7 Конлангтер: жаңа тілдер құрастыру [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: Кіру режимі: qasym.kz

Е.Е. Түйте, Р. Салтанмурат

Искусственные языки

Изучение языковой проблемы всегда актуально. Поскольку язык является главным средством коммуникации, всестороннее решение проблемы не ограничивается использованием естественных языков, через искусственные языки также складывается языковое общение, и оно преследует различные цели. В статье рассмотрены проблемы искусственных языков, причины их возникновения, отличие от естественных языков, известные в науке их виды, классификация, коммуникативные значения, особенности языков, созданных для некоторых кино. Проанализированы фонетические, лексико-грамматические особенности на основе конкретных языковых фактов, а также их связь с естественными языками. Искусственные языки изучены, исходя из структурной системы естественных языков, поэтому они значительно не отличаются в осуществлении языковой коммуникации, лишь упрощают грамматику, демонстрируют новизну и безграничные возможности языка.

Ключевые слова: искусственные языки, натуральные языки, коммуникация, фонетика, лексика, грамматика, интралингвистика, экстралингвистика, волапюк, эсперанто, идо, новиаль, лингва франка нова, словио, универсалглот, оксиденталь, клингон, эльфийский язык.

Ye.Ye. Tuyte, R. Saltanmurat

Artificial languages

Learning a language problem is always relevant. Since language is the main means of communication, a comprehensive solution to the problem is not limited to the use of natural languages, linguistic communication also develops through artificial languages, and it pursues various goals. The article discusses the problems of artificial languages, the causes of their occurrence, the difference from natural languages, their types known in science, classification, communicative meanings, especially the languages created for some cinema. The phonetic, lexical and grammatical features based on specific linguistic facts are analyzed, and their relationship with natural languages is examined. In the article, artificial languages are considered on the basis of the structural system of natural languages, therefore they do not significantly differ in the implementation of language communication, they only simplify the grammar, if they are created for a work, they are used to demonstrate novelty, a specific specificity. In this we see the limitless possibilities of language.

Keywords: artificial languages, natural languages, communication, phonetics, vocabulary, grammar, intralinguistics, extralinguistics, volapyuk, Esperanto, ido, novial, lingua franca nova, slovo, universalglot, Occidental, Klingon, elven language.

References

- 1 Zhalmakhanov, Sh.Sh. (1999). *Til biliminin tarikhy [Linguistics history]*. Karagandy: KarMU baspasy [in Kazakh].
- 2 Levenec, Ye.V., & Biryukov, B.V. (2019) Yazyk iskusstvennyi [Artificial languages]. *gtmarket.ru*. Retrieved from <https://gtmarket.ru/concepts> [in Russian].
- 3 Kolesnik, A. (2019). Iskusstvennye yazyki. Shto o nikh my znaem? [Artificial languages. What do we know about them?]. *shkolazhizni.ru*. Retrieved from <http://shkolazhizni.ru/culture/articles> [in Russian].
- 4 10 mezhdunarodnykh yazykov [10 international language]. *elenaruvel.com*. Retrieved from <https://elenaruvel.com/iskusstvennye-yazyki> [in Russian].
- 5 Avatar Wiki. *james-camerons-avatar.fandom.com*. Retrieved from <https://james-camerons-avatar.fandom.com/ru/wiki>
- 6 Klinhonskii — samyi fantasticheskii iskusstvennyi yazyk [Klingon is the most fantastic artificial language]. *linguis.net*. Retrieved from <http://linguis.net/klingon-language/> [in Russian].
- 7 Konlanhter: zana tilder kurastyru (2018) [Concants: creating new languages]. *qasym.kz*. Retrieved from: <http://qasym.kz> [in Kazakh].